

СРЕДИ СТРАН – УЧАСТНИЦ МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕДЕРАЦИИ ПРОФСОЮЗОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ НАИБОЛЕЕ СЕРЬЕЗНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ЗАКОНЫ ПО ВОПРОСАМ ТРУДА И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФСОЮЗОВ, РАЗРАБОТАННЫЕ СОВМЕСТНО С СОЦИАЛЬНЫМИ ПАРТНЕРАМИ И УПОЛНОМОЧЕННЫМИ ГОСОРГАНАМИ, ВВЕДЕНА ТРИ ГОДА НАЗАД В КАЗАХСТАНЕ.

Геннадий КОСОЛАПОВ,
генеральный секретарь МКПЖ



№106 (2923)
05/12/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚТЖ и Abu Dhabi Ports Group – новый виток сотрудничества

АО «НК «ҚТЖ» и AD Ports Group подписали договор о создании совместного предприятия. Документ подписан в городе Дубае в рамках рабочего визита Главы государства Касым-Жомарта Токаева в Объединенные Арабские Эмираты. По мнению Президента Казахстана, устойчивое партнерство с AD Ports Group играет важную роль в превращении портов Актау и Курык в главный морской хаб на Каспийском море.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

Так, Глава государства Касым-Жомарт Токаев, участвуя в работе Всемирного климатического саммита COP 28 в Дубае, посетил церемонию подписания ряда соглашений между государственными органами и бизнес-структурами Казахстана и других стран.

В его присутствии в том числе было подписано соглашение между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и Abu Dhabi Ports Group о создании совместного предприятия.

Работа нового совместного предприятия будет направлена на развитие маршрута Север – Юг, расширение портовой инфраструктуры на Каспийском море, создание торговых хабов.

В целом сотрудничество ҚТЖ и AD Ports Group будет способствовать развитию транспортно-транзитного потенциала Казахстана, увеличению экспортных направлений и созданию рынка казахстанских товаров в странах Арабского залива.

Напомним, AD Ports Group – портовый, промышленный и логистический оператор в ОАЭ. Компания является



ҚОЛ ҚОЮ РӘСІМІ
2 желтоқсан, 2023
ДУБАЙ

SIGNING CEREMONY
December 2, 2023
DUBAI

одним из крупнейших холдингов региона. В ее портфеле – крупные предприятия в ключевых отраслях диверсифицированной экономики Абу-Даби.

Также на полях 28-й Конференции сторон рамочной конвенции ООН об изменении климата Глава государства встретился с министром инвестиций Объединенных

Арабских Эмиратов, управляющим директором холдинга ADQ Мухаммедом аль-Сувайди. Собеседники также рассмотрели перспективы реализации совместных проектов Presight и «Самрук-Қазына», а также стратегических соглашений с участием QazaqGaz и «Қазақстан темір жолы» в области искусственного интеллекта.

Отмечено, что географические особенности Республики Казахстан – расположение в центре Евразийского континента между крупнейшими экономически развитыми странами Европы и Азии с емким потребительским рынком – создают реальные предпосылки для участия страны в международной транспортной сети.

ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛЫ АРТТЫ



Қазақстанда теміржол көлігімен жүк тасымалдау көлемі өскен. Биыл елімізде теміржол тасымалы өткен жылғы көрсеткіштерге қарағанда орташа есеппен 3,5 пайызға артып отыр.

Жыл басынан бері жүктерді тасымалдау көлемі шамамен 270 млн тоннаны құраған. Сонымен бірге экспорттық (+8,5%), импорттық (+10,9%) және транзиттік тасымалдар (+18,9%) барысында да жүк тасымалы көлемінің айтарлықтай ұлғайғаны байқалады.

Оған қоса темір кені, мұнай өнімдері, құрылыс жүктері, астық, химикаттар, тыңайтқыштар және қара металдар тасымалы бойынша да өсім күтілуде. Атап айтқанда, темір кені 8 пайызға, мұнай өнімдері 11%, құрылыс жүктері 5%, астық 23%, химикаттар 16%, тыңайтқыштар 20% және қара металдар 9% ұлғаяды деген болжам бар.

Сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша теміржол көлігімен жыл көлемінде тасымалданған жүк көлемі шамамен 300 млн тоннаны құрайды деп жоспарланып отыр. Оның ішінде, республикалық жүк 166 млн тоннаны, экспорттық бағытта 87 млн тонна, импорттық бағытта 18 млн тонна және транзиттік 29 млн тоннаны құрамақ.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

12 МЫҢ ВАГОН ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ



Биылғы жылдың 11 айында «Қазтеміртранс» АҚ паркінің 12 мыңнан астам жүк вагоны жөндеудің барлық түрімен қамтылды. Оның ішінде 2,6 мың жүк вагоны күрделі жөндеуден өткізілді.

Сонымен қатар 2,1 мыңнан астам жүк вагондарының қызмет ету мерзімі ұзартылды. Жыл соңына дейін 1,2 мыңнан астам жүк вагонын жөндеу жоспарланған. «Қазтеміртранс» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Тәңірберген Құсайыновтың айтуынша, вагон паркінің жай-күйін ескере отырып, жыл сайын мерзімді жөндеуге қажеттілік жоспары бекітіледі.

– Пайдаланудағы вагон паркінің техникалық жай-күйі вагондардың сенімділігімен, жоспарлы жөндеу түрлерінің сапасымен және басқа да сипаттамаларымен анықталады, – деп атап өтті Т.Құсайынов.

Ұлан ОРАЗА

ДЛЯ АКТИВНОЙ РАБОТЫ ТМТМ



Возможности Среднего коридора (Middle Corridor) обсудили на 22-й Министерской конференции ЦАРЭС в Тбилиси.

В мероприятии приняла участие представительница ОЮЛ «Международная ассоциация «Транскаспийский международный транспортный маршрут» (Ассоциация ТМТМ).

С приветственной речью выступил премьер-министр Грузии Иракли Гарибашвили, который подчеркнул важность реализации крупномасштабных инфраструктурных проектов ТМТМ для обеспечения его «бесперебойной» работы.

Он добавил, что крупномасштабные проекты включают в себя строительство нового глубоководного морского порта в приморском городе Анаклия на западе Грузии, модернизацию железных дорог Грузии, а также многие другие проекты.

Кроме того, почетным гостем на данном мероприятии выступил президент Азиатского банка развития Масацугу Асакава, который в своем выступлении подчеркнул постоянное внимание АБР к инициативам, связанным с климатом, в том числе минимизацией углеродного следа и продвижением «зеленой экономики» в регионе.

Генеральный секретарь Ассоциации ТМТМ Гайдар Абдикеримов также выступил в качестве спикера. Он ознакомил участников конференции о деятельности ассоциации и рассказал о среднесрочных перспективах развития маршрута ТМТМ.

Асель ШАЙХИНОВА

Маңызды құжат

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Кеше «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның жұмыскерлері арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қол қойылды. Маңызды құжатқа қол қою рәсіміне Компанияның Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов пен «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жылы барысында үш жылда бір рет қабылданатын Ұжымдық шартқа көзделген әлеуметтік кепілдемелер сөзсіз орындалып, әлеуметтік бағытта басымдық берілетіні және жұмыскерлердің мүддесін қорғауға баса назар аударылып отырғаны, ардагерлер мен зейнеткерлерге көп жеңілдіктер қарастырылғаны жан-жақты сөз болды.

– Жаңа ұжымдық шартты әзірлеу барысында 300-ден астам ұсыныс келіп түсті. Оны дайындау үшін мықты тәжірибелі мамандардан жиналған жұмыс тобы құрылды. Олар барлық ұсыныстар мен өтініші-тілектерді елеп-екшеп, сараптай келе, ішінен ең тиімдісін тандап алғаны сөзсіз. Ұжымдық шартты қабылдау арқылы біз қызметкерлерімізге компанияның басты жауапкершілігі оларды әлеуметтік қорғауға негізделгенін жеткізіміз. Құжат алдағы жылдың қаңтар айынан бастап күшіне



енеді, – деді Қ. Әлмағамбетов. Кәсіподақ тарапынан сөз алған О. Ахметбаев құжатты дайындауды биыл шілде айында басталып, соңғы кезеңіне келіп жеткенін жеткізді.

– Үлкен жұмыс атқарылды. Екі жақтан да жұмыс тобы құрылды. Компания тарапынан топты Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шақенов, кәсіподақ тарапынан топты кәсіподақ төрағасының

орынбасары Жұпарбек Сәбитұлы басқарды. Келіп түскен ұсыныстар бойынша біраз пікірталас болды. Дегенмен екі жақ келісіп, ортақ шешімге келді. 72 ұсыныс қолдау тауып, жаңа құжат қаржысы 5 млрд теңгеге ұлғайтылды. Басқа салаларға қарағанда біздің Ұжымдық шарт бұрыннан да үлгі етерліктей болатын, қазір жаңа ұсыныстар бойынша бірқатар өзгерістер еніп, одан сайын маңызы мен тиімділігі арта түсті, – деді О. Ахметбаев.

Жаңа Ұжымдық шартта төрт бағытта, атап айтқанда жұмыскерлердің, ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік пакетін жақсарту, еңбекақы төлеу және басқа да шешімдер бойынша өзгерістер енгізілген. Мәселен, 1 қыркүйек Білім күніне орай берілетін материалдық көлем 2 АЕК-тен 4 АЕК-ке көбейтілсе, Мүгедектер күні, Отбасы күні, Балаларды қорғау күнінде берілетін ақша көлемі де бірнеше АЕК-ке көбейтілген. Мұндай материалдық көмек көлемі тағы бірнеше пункт бойынша ұлғайтылған. Жылына бір реттік берілетін мерекелік сыйақы Наурыз мейрамы, Көлік қызметкерлері күні, Республика күні, Тәуелсіздік күнінде 1 ең төменгі еңбекақы көлемінде (85 мың теңге) берілетін болды.

Жылы барысында Ұжымдық шартты әзірлеуге атсалысқан бірқатар қызметкерлер Алғыс хатпен марапатталды.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТЬ ВЫШЕ

Выбросы парниковых газов от производственной деятельности АО «НК «ҚТЖ» на 16% снижены. Об этом сообщили на онлайн-семинаре «Переход на низкоуглеродную тяговую энергию».

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана

В мероприятии, организованном АО «НК «ҚТЖ» совместно с Международным союзом железных дорог (МСЖД), приняла участие более 140 представителей компаний из 20 стран мира. Участники обсудили вопросы применения низкоуглеродной тяговой энергии на железнодорожном транспорте.

Спикерами выступили представители различных компаний в сфере транспорта (члены и

партнеры МСЖД) из Австралии, Кореи, Германии, Китая, Малайзии, Франции и Казахстана. Эксперт по экономическим вопросам отдела транспорта ЭСКАТО ООН Сандип Джайн рассказал о декарбонизации железнодорожного транспорта в Азиатско-Тихоокеанском регионе.

Кроме того, на семинаре обсужди инициативы по внедрению альтернативных видов топлива на железной дороге, использование локомотивов на аккумуляторных батареях, современные решения

для расширенной эксплуатации подвижного состава. Участники подчеркнули, что при переходе на альтернативные виды тяги наиболее перспективными являются гибридные технологии – сочетание контактной сети либо дизельного двигателя с аккумуляторной тягой.

По информации МСЖД, в Казахстане на железнодорожный транспорт доля парниковых выбросов составляет менее 1%, в США и странах Европейского союза – порядка 2-3%.

– За период с 2013 по 2022 год по компании ҚТЖ наблюдается динамика снижения прямых выбросов CO₂ на 16%, а показатели повышения энергоэффективности перевозочного процесса улучшились более чем на 20%, – сообщил главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырєв.

В декабре 2022 года в АО «НК «ҚТЖ» утверждена Концепция низкоуглеродного развития. В настоящее время компания работает над разработкой альтернативных видов энергии на железнодорожном транспорте совместно с международными партнерами Wabtec Corporation, Alstom Transport и CRRC Corporation Limited.

Стоит отметить, что перевозки по железной дороге экологичнее морских в 1,5-2 раза, автомобильных – в 5-6 раз, авиа – в 25-30 раз.



Нұрғазы МҰСАҒИТОВ,
«Вагонсервис» АҚ Оңтүстік филиалы директорының міндетін атқарушы:

«ВАГОНСЕРВИС» АҚ-НЫҢ ОҢТҮСТІК ФИЛИАЛЫНДА АЙЫНА ОРТАША ЕСЕППЕН 2500-3000 ВАГОН ЖУЫЛАДЫ. БІР АЙТА КЕТЕРЛІГІ, КЕШЕНДЕ ВАГОНДАРДЫ ЖУҒАН СУ АРНАЙЫ СУ ТАЗАРТУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТАЗАРТЫЛЫП, ҚАЙТАДАН ЖУУҒА ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ, ЯҒНИ КЕШЕНДЕ ВАГОН ЖУУҒА СУ ШЫҒЫНЫ ЖОҚ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ДАРБАЗА – МАҚТААРАЛ ТЕМІР ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУҒА

3400

ЖҰМЫСШЫ ТАРТЫЛАДЫ.

«АЛТЫН» ҚАРТАСЫ 15 ЖАСТАН ЖОҒАРЫ ЖОЛАУШЫЛАР ҮШІН КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ПОЙИЗДАРЫНА

25%

ЖЕҢІЛДІК БЕРЕДІ.

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ СӘУІРІНДЕ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» МЕДПОЙИЗЫ БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН

80 мыңнан

АСТАМ АДАМДЫ ҚАБЫЛДАҒАН.

ЕЛОРДАДА БАС ҚОСТЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



АЙТУЛЫ ДАТА

«ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржолшы ардагерлер кеңесіне биыл 10 жыл толып отыр. Айтулы датаға орай елордада өткен салтанатты шараға өңірлердегі филиалдар төрағалары келді.



ҚТЖ ғимаратында бас қосқан ардагерлерді компания басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетов пен «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев арнайы құттықтады. 2013 жылы 12 желтоқсанда құрылған ардагерлер кеңесі құрамында бүгінде 48 мың зейнеткер теміржолшы бар. Жиын барысында компания өмірінде сала ардагерлерінің алатын орны мен маңызы сөз болды. – Келесі жылы Қазақстанда темір жол пайда болғанына 120 жыл толады. Жалпы ардагерлердің кейінгі жастарды тәрбиелеу, ұрпақтар сабақтастығын дамыту, теміржолдың тарихын жазу, мұражайларды құру ісінде еңбегі зор. Мұзейлердің көбі осы ардагер теміржолшылардың күшімен жасақталған. Жаңа жылдан бастап жаңа Ұжымдық шарт қабылданады, онда сіздердің жолдаған ұсыныстарыңыз ескерілді. Ардагерлердің теміржолға сіңіріп жатқан еңбегі әлі де көп, алдағы уақытта да сіздердің ақыл-кеңестеріңіз бізге керек, – деді Оразғали Ахметбаев.

Ардагер теміржолшы Қуаныш Котырев кеңес тарихы мен даму жолы туралы баяндап, қазіргі таңдағы түйінді мәселелер шешімі бойынша ұсыныстар берді. Зейнетке шыққан теміржолшыларға көрсетілетін көмек пен берілетін материалдық қолдау туралы толық ақпарат берілді. Қ. Әлмағамбетов ардагерлерді компания басшылығы бастамасымен арнайы жасалған 10 жылдық төсбелгісімен марапаттады. Іс-шара аясында ардагерлер ҚТЖ-ның бас ғимаратындағы музейді және қаланың көрікті жерлерін аралады.

Суретті түсірген Нұрсұлтан ИБРАЕВ

МОДУЛЬДІ ҮЙЛЕР ЖЕТКІЗІЛДІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекеме жұмысшылары үшін электр қазандықтарымен жылытылатын он жылыну қосыны жұмыс істеп тұр.

Биыл Компанияның жұмысшыларға әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау бағдарламасына сай жылыну пункттерін қайта жасақтау жүргізілуде. Атырау өңіріне бес тонналық 95 контейнер жеткізіліп, Атырау жол дистанциясына 50 дана, Құлсары жол дистанциясына 45 дана контейнер бөлінді. Олар өңірдегі барлық станциялар мен разъездерге орналастырылып, қазіргі уақытта теміржолшылар игілігін көруде.

– Сонымен қатар өңірге модульді үйлер де жеткізіліп жатыр. Атырау жол дистанциясына – 13, Құлсарыға 4 осындай модульді үйшік жеткізілді. Олар Нарын, Махамбет, Қарабатан станцияларында және шағын бекеттерде орналастырылып жатыр, – дейді бөлімше басшысының өндіріс жөніндегі орынбасары Аманқос Жылқыбаев. – Онда жатын бөлме, ас ішетін, жуынатын бөлмелер, теледидар да бар. Күні бойына далада жүретін жолшылар үшін бұл жақсы демалыс орны болатыны сөзсіз.

Жалпы алғанда, бұларға қоса аймақтағы 158 ғимарат, 18 вокзал мен 44 платформа қысты жақсы дайындықпен қарсы алуға. Барлық еңбек орындарында жылу тұрақты беріліп отыр.

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Өткен жұма күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің жетекшілігімен және Ұлттық компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдары басшыларының қатысуымен Консультативтік кеңес мүшелерінің отырысы өтті.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Жиын ардагер теміржолшылар Александр Степура, Қадыл Таласпеков және Ескендір Рахметжановты «Құрметті ардагер теміржолшы» белгісімен марапаттаудан басталды. Жиын барысында ардагерлер алдында теміржолда түрлі қызметтің тізгінін ұстаған басшылар биылғы жылдың жұмысын қорытындылаған есеп берді.

Қанат Әлмағамбетов Компанияның биылғы он айдағы жұмыс қорытындысына тоқталып, пайдаланымдағы жүк айналымы осы жылы өткен жылдың есепті мерзіміне қарағанда 7,2%-ке, транзит 19%-ке, контейнерлік транзит 15%-ке өсіп, керісінше жолаушы айналымы 4,2%-ке кеміп кеткенін мәлімдеді.

Айтуынша, қазір темір жол саласында 116 мың қызметкер жұмыс істейді, олардың әлеуметтік тұрақтылығы мен ынтысарттыру үшін еңбекақыны көтеру арқылы қаржылық қолдау көрсетілуде. Мәселен, төмен



жалақыдағы лауазымдар үшін 2022 жылы сараланған жалақы өсімі, сондай-ақ әр аймақта жалақыны теңестіру іс-шаралары іске асырылса, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақы 5%-ға және 1 наурыздан бастап 15%-ға көтерілді. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қызметкерлердің жалақысын арттыруға қаражат көзі қарастырылуда.

Компания қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қолдауға келсек, биылғы жылы әлеуметтік қолдауға компания тарапынан 17 млрд теңге бөлінген. Оның 4,6 млрд теңгесі сала-лық жәрдемақы, яғни зейнетке ерте шығу жобасына жұмсалса,

емделуге, бала тууға, жерлеуге және тіс протездеуге материалдық көмек беруге – 2,5 млрд теңге; балалар мерекесі, жаңа жылдық сыйлықтарға – 2,2 млрд.; санаториялық-курорттық сауықтыру шараларына – 1,4 млрд теңге; теміржол көлігімен жол жүру және жалға берілетін тұрғын үй шығындарын өтеуге 1,4 млрд теңге қаржы бөлінген. Бірнеше миллиондаған теңге көлеміндегі қаржы Халықаралық әйелдер күні мен көлік қызметкерлері күніне біржолғы сыйақы, спорттық шаралар өткізуге, зейнетке шыққандарға біржолғы өтемақы және басқа да әлеуметтік төлемдерді құраған. Қанат Есмұханұлы,

2024-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шарт 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетінін, ҚТЖ жалпы сомасы 5 млрд теңгеге қолданыстағы әлеуметтік жәрдемақылар көлемін айтарлықтай арттыра отырып, 72 ұсынысты қолдағанын жеткізді.

Сонымен қатар магистральдық теміржол желісінің техникалық жағдайы, проблемалары туралы баяндап, тасымалдың есуі инфрақұрылымды белсенді дамыту мен жаңартуды талап етіп отырғанын жеткізіп, 2030 жылға дейін МТЖ-ні дамыту бағдарламасына тоқталды. Жылжымалы құрамдар паркін, соның ішінде локомотив, жүк және жолаушылар вагондарын жаңарту бағытында орындалып жатқан және атқарылатын шаралар легімен де таныстырды. Цифрландыру технологиясы қарқынды дамып жатқан заманда ұлттық компания да уақыт көшінен қалмай, «Huawei» және «Wabtec» компанияларымен бірлесіп «Ақылды» темір жолды құруға кіріскенін мәлімдеді. Қ. Әлмағамбетов баяндамасын алдағы 2024 жылға жоспарланған іс-шараларды таныстырумен тәмамдады.

Ал Консультативтік кеңес мүшелері компания басшыларына өздерін толғандырған сауалдарды жолдап, ұсыныс-тілектерімен бөлісті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

МАҚСАТ – ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН КӨТЕРУ



СЕМИНАР

Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінде «Кернеудегі өмір. Өндірістік жарақаттардың алдын алу» атты тақырыпта семинар болып өтті. Шараға бөлімшенің өндірістік қауіпсіздік бөлімі мен сала-лық кәсіподақ ұйымы ұйытқы болды.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Семинардың беташар рәсімін Семей ЖТ бөлімшесінің бас инженері Думан Жылқыбаев ашып, өндіріс орнындағы қауіпсіздік пен сақтық шаралары және биылғы жылы туындаған жазатайым оқиғалар жөнінде баяндама жасады. Еңбекті қорғау мақсатында ұйымдастырылған жоспарлармен де таныстырды.

– Сіздерді жинап, семинар өткізудегі негізгі мақсат – еңбекті қорғау бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру бойынша дұрыс көзқарас қалыптастыру, өндірістік жарақаттардың алдын алу, – деді өз сөзінде Думан Дәулеткелдіұлы.

Басқосуда сонымен қатар Абай облысы бойынша еңбек инспекциясының мемлекеттік инспекторы Бауыржан Әміртаев та сөз алып, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы еңбек келісімшартының орындалуы, жұмыс орнындағы қауіпсіздік талаптары жайлы сөз өрбітті.

Сондай-ақ арнайы шақырылған қонақтар қатарында Семей бөлімшелік көліктегі санитарлық бақылау басқармасының бөлім басшысы Эльвира Труспекова және «Семей теміржол емханасы» ЖШС бөлім жетекшісі Елена Третьяковалар да тақырып аясында баяндама жасады. Теміржолшылар арасында

жиі кездесетін сырқат түрлерін сөз еткен Елена Борисовна жұмыс орнындағы өлім-жітімнің алдын алу, сала қызметкерлерінің бойында кездесетін «кәсіби сырқаттар» жайлы әңгімелеп берді.

– Медициналық зерттеулер көрсеткендей, тепловоз машинистерімен кеңес қызметкерлерінің арасында ең жиі кездесетін жүрек-қан тамыр аурулары желі бойында жүретін жолшылар арасында өте төмен екен. Таза ауада ұзақ болып, жаяу жүрудің артықшылығын осыдан-ақ аңғаруға болады, – деген Елена Борисовна дұрыс тамақтану, стресске жол бермеу жайлы кеңес берді. Сәйкесінше дәрігерге қойылған сауалдар да көп болды.

Сонымен қатар жиын барысында Өскемен локомотив пайдалану депосының өндірістік қауіпсіздік және экология секторының басшысы Қанат Мақашев сөз алып, ағымдағы

жылдың ақпан айында жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі шараларын сақтамау салдарынан тепловоз машинисінің тосын қазасы және оның себебі жайлы айтып берді. Сондай-ақ болған оқиғаға негізделген, теміржолшылардың өздері түсірген деректі фильм көрсетілді.

Семинар барысында «Электр тогының азаға әсері», «СКДбе, 2ТЭ10М және ТЭ33А сериялы локомотивтеріндегі электр қауіпсіздігін сақтау ережелері», «Өндірістік жарақаттардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар», «Қауіпсіздік мәдениетін көтеру» сынды тақырыптар бойынша баяндамалар жасалды. Бекзат Кәрімханов, Берікжан Конкашев, Айжан Ботаханова сынды өндірістік қауіпсіздік саласына жауапты мамандар тақырып аясында әңгіме өрбітті.

Басқосудың соңында айтылған фактілер сарапқа салынып, қатысушылар өзара пікір алмасты.

Ал семинардың соңында өндіріс орнында жарақаттану мен оқиғаларға жол бермеген бірқатар станциялар басшылары марапатталды. Атап айтсақ, бөлімше басшысының бірінші орынбасары Қуаныш Әміренов еңбек қорғау мәдениетін жоғары деңгейге көтергендері үшін Суықбұлақ станциясы, Шар станциясы, Аягөз локомотив пайдалану депосы, Семей вагон пайдалану депосы сынды бірқатар іргелі мекемелердің ұжымдарына бөлімше басшысының Алғыс хатын табыстады.



САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2023 жылдың 15 желтоқсанда 11:00-де Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен

бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкікті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционына мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Саны	Алғашқы баға	Бастапқы баға	Ең төменгі құны	Кепілдік жарна
1	Жалпы ауданы 159,3 ш. м. пәтер, кадастрлық нөмірі 21:318:079:833:7:2, мекен - жайы: Астана қ., Шарль де Голь көшесі, 7 үй, 2 пәтер	1	160 824 182	482 472 547	160 824 182	24 123 627
2	Lexus LX 570, 2014 ж, мемномер 109RR01	1	38 615 179	115 845 536	34 753 661	5 792 277
3	413 M UNL4 бар ауа тарататын автоматты модель бағанасы	2	331 520	994 560	265 216	49 728
4	Аспалы дiрiл тиегiш	2	9 511 040	28 533 120	7 608 832	1 426 656
5	Газ анализаторы, модель АВГ-4-2.01, нөмірі 145	1	161 280	483 840	129 024	24 192
6	Газ анализаторы, модель M1.01	1	300 160	900 480	255 136	45 024
7	Өмбебап тежегіш стендтерге арналған іргетас жақтауларының жиынтығы	1	449 120	1 347 360	359 296	67 368
8	СТАЦИОНАРЛЫҚ РОЛИКТІ ӨМБЕБАП СТЕНД	1	5 988 640	17 965 920	5 988 640	898 296
9	Аспаптық тірек, СП 1 моделі	2	486 080	1 458 240	437 472	72 912

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілімі веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық. Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKZKX, IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ, Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды. Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытлы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кемігірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады. Жарияланған баға бойынша сатылу объектін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкікті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкікті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды рәсімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көшіріліп үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ, Астана қ., А.Жұбанов, 16, 4-қабат) телефондары бойынша алуға болады.

ЛУЧШИЕ ИНВЕСТИЦИИ – ЗНАНИЯ



КРУГЛЫЙ СТОЛ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Целью мероприятия стало развитие сотрудничества и взаимодействия транспортных вузов с представителями работодателей и отраслевых ассоциаций транспортной-логистической отрасли для подготовки специалистов нового поколения, обладающих актуальными знаниями и навыками, способных оперативно принимать решения в быстро меняющейся обстановке.

Участие приняли вице-министр транспорта Сатжан Абдалиев, директор департамента управления



инициативные с высокой ответственностью, наличием хорошей теоретической базы, амбициозные и перспективные кадры.

Процесс генерации идей, и дальнейшем сотрудничестве железнодорожных предприятий с академией – союза науки с производством. В своем выступлении он озвучил основные направления развития железной дороги. Для обеспечения бесперебойных перевозок и увеличения пропускной и провозной способности сети КТЖ реализует ряд стратегических проектов. Строятся вторые пути железнодорожного участка Достык – Мойынты.

Для увеличения экспорта и транзита начато строительство линий Дарбаза – Мактаарал и Жетыген – Казыбек-Бек. Планируется запуск строительства железнодорожной линии Бахты – Аягос с открытием третьего погранперехода на казахстанско-китайской границе.

В течение трех лет КТЖ построит свыше 1 300 километров железных дорог. Ведется плановая работа по обновлению подвижного состава, автоматизируются бизнес-процессы.

В ходе встречи директор департамента управления человеческими ресурсами КТЖ Сауле Истлеева подвела итоги реализации «дорожной карты» взаимодействия компании с профильными учебными заведениями в 2023-2024 годы. Документ включает несколько направлений:

– Будущему специалисту нужно иметь не только знания, но и развивать предпринимательский талант, использовать информационно-интеллектуальные ресурсы, успешно реализовываться в быстро меняющихся условиях, быть разносторонней личностью. Ведь правильно подобранные кадры играют определяющую роль в функционировании любого предприятия, и только высококвалифицированный персонал приносит успех, – отметил Марат Шакиенов.

Акцент был сделан на вовлечении талантливой молодежи и ученых в исследовательский процесс – про-



человеческими ресурсами АО «Самрук-Казына» Эльмира Каримова, представители Министерства науки и высшего образования, преподаватели 17 вузов, выпускники КазАТК, Международного транспортного-гуманитарного университета и Казахского национального технического университета имени К. Сатпаева.

В ходе круглого стола директор департамента безопасности движения КТЖ Марат Шакиенов отметил, что железнодорожные вузы – ключевые партнеры компании в сфере подготовки кадров. По его словам, компании нужны

от дуального обучения, практик и стажировок студентов до повышения квалификации преподавательского состава вузов и вузов. Компания заинтересована в качественном обучении будущих специалистов и вносит свой вклад в улучшение образовательного процесса. В рамках «дорожной карты» АО «НК «КТЖ» подписало 23 меморандума о сотрудничестве с вузами/сузами. Свыше 1 000 студентов прошли практику в КТЖ, 612 студентов обучились по дуальной системе. 439 выпускников профильных вузов/сузов трудоустроены, еще 44 студента колледжа нашли работу в рамках проекта «Летние студенческие отряды проводников». Эксперты КТЖ провели 13 гостевых лекций в КазАТК, 30 преподавателей прошли курсы повышения квалификации в КТЖ. Реализацию «дорожной карты» в компании рассматривают как прямые инвестиции в будущее, ведь главной ценностью КТЖ остается человеческий капитал.

